

Құрман орта мектебінің аға тәлімгері

Ж.Ж. Кубеновадан Мектеп Парламенті өзін өзі басқару ұйымының

2022-2023 оқу жылындағы жасаған жұмысына талдау

Білім беру және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Құрман орта мектебінде 2022-2023 оқу жылында «Мектеп парламент» білім алушыларының өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін жылдық жоспар жасалынып, жоспар бойынша іс-шаралар өткізіліп жатыр. Жыл басында Парламенттің жобалау кеңесі өткізіліп, отырыс қорытындысы бойынша бұрынғы парламент президенті 11 класс оқушысы Базарбай Тұмар Ерланқызы Парламент Президенті болып қайта сайланды.



Парламент мақсаты: балалармен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, сондай-ақ туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау. Құрман орта мектебіндегі Парламент жұмысының құрылымы 8 фракциядан тұрады. Фракция мүшелері сайланып, Парламент кеңесі өткізіліп тұрады. Жаңа оқу жылына жұмыс жоспары жасалынып, парламент мүшелері өз жұмыстарын бастап кетті. Атап айтар болсақ қамқорлық фракциясының басшылығымен «Отбасы құндылықтары» челленджі түсіріліп, әлеуметтік желіге жарияланды.



21 қыркүйек Бүкіләлемдік тазалық күніне орай, мектеп алаңына тазалық жұмыстары жүргізілді. Экология фракциясы жетекшісі өзі барлығына ұйымшылдық жасап, ат салысты.



Дублер күнін өткізу туралы парламент ұйымының отырысы өтті, және мектепте дублер күнін өткіздік.




Республика күніне орай «Таза табиғат» экологиялық акциясы ұйымдастырылды, ұйым мүшелері толықтай қатысты.



Қамқорлық фракциясының жоспар бойынша «Интернетке тәуелділіктің алдын-алу» сауалнамасы 7-8 класс оқушыларымен жүргізілді.



Республика күніне орай, «Тәуелсіздік болашағым» атты челлендж түсірілді.



Мәдениет фракциясының жетекшісі: Сисенова Әсемнің ұйымдастыруымен «Күз назы» күзгі бал кеші өтті. Кешке 9-10-11 сынып оқушылары түгел қатысып, өз дәрежесінде өтті.



Ақпарат фракциясының жетекшісі Е.Сағыновтың ұйымдастыруымен «Интернет және біз» плакаттармен суреттер байқауы өткізіліп, байқау қорытындысы шығарылды,орын алған оқушылар марапатталды.



Өзін өзі тану және бақыт фракциясының бастамасымен «Мен өмірді сүйемін»атты психологиялық тренинг өткізілді.



Дебат қозғалысы фракциясының ұйымдастыруымен «Тұғыры биік тәуелсіз Қазақстан», «Мектеп- кеме, білім-теңіз», «Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтайық» атты турнирлері өткізілді.



«Эко-Асар» экологиялық марафоны, қайталама шикізат дайындау, экология және еңбек фракциясы бойынша жасалған жұмыс.



Құрман орта мектебі «Мектеп парламентінің бір күні» челленджін Сапақкөл орта мектебінен қабыл алып, Қарой мектеп балабақшасына жолдадық.



Іші наурыз алғыс айту күніне орай «Алтын жүрек» челленджі өзін-өзі басқару ұйымының мүшелерімен ұйымдастырылды. Мақсаты: т Қазақстан халқының бірлігі мен бірегейлікті нығайту.



«Қыз еркем – кестесімен көркем» қолөнер сайысы қыздар арасында мәдениет және өнер фракциясының ұйымдастыруымен өтті.



«Қош келдің Әз Наурыз!» мерекелік шарасына өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері белсенділікпен ат салысты.



Мәдениет және өнер фракциясының ұйымдастыруымен «Біз жеңістің мұрагерлеріміз» патриоттық әндер байқауы өткізілді.



7-8 кластар арасында «Дос болайық!» флешмобы ұйымдастырылды.



Өзін-өзі басқару ұйымының қамқорлық фракциясының ұйымдастыруымен «Өрт тілсіжау, ерттен сақтау жолдары» туралы жаднамалар таратылды.



